

## 2016 жылға халықтың нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 205 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 16 ақпанда № 3588 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 1 маусымдағы № 1092 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 01.06.2016 № 1092 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 31 бабының 2-тармағына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 бабының 2 тармағына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылға нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі төмендегідей белгіленсін:

- 1) ұзақ уақыт (бір жылдан көп) жұмыс істемейтін адамдар;
- 2) жасы елу жастан асқан тұлғалар;
- 3) жұмыссыз әйелдер.

2. Осы қаулының орындалуын жүзеге асыру Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының міндетін атқарушы Б.Қуанышбековке жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары Г.Құрменбековаға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*Ғ.Әбдірахымов*